

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1260 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 5-бабының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға аттестаттау жүргізу қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қазақстан Республикасының*
Қазақстан *К. Мәсімов*
Үкіметінің *Республикасы*
2011 жылғы 1 қарашадағы
№ 1260 қаулысымен
бекітілген

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға аттестаттау жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға аттестаттау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар), «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 5-бабының 18) тармақшасына сәйкес әзірленді және ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға

аттестаттау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аттестаттау – ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың білімін және кәсіби біліктілігін бағалау мақсатында жүргізілетін кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын рәсім;

2) тестілеу – тестілік тапсырмаларды пайдалана отырып жүргізілетін аттестатталушының теориялық білімін және практикалық дағдыларын тексеру нысаны;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы) – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның комитеті;

4) уәкілетті органның ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - ведомствоның аумақтық бөлімшелері) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде орналасқан ведомствоның аумақтық бөлімшелері (облыс, аудан, облыс немесе республикалық маңызы бар қала, астана).

3. Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелері (бұдан әрі – ЖАО бөлімшелері) жүргізеді.

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аттестаттау, осы заңды тұлғаның ветеринариялық мамандарын аттестаттау жолымен жүргізіледі.

Ветеринариялық маман аттестаттаудан өткен және ол басқа заңды тұлғаға жұмыс істеуге өткен жағдайда, маманды аттестаттау мерзімі аттестаттаудан өткізілген сәттен бастап есептеледі және аттестаттауды нәтижелері үш жыл бойында жарамды.

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – Кәсіпкерлер), ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде кейінгі үш жыл өткен соң аттестатталуға тиіс.

4. Аттестаттауды жүзеге асыру үшін ЖАО бөлімшелері аттестациялық комиссияларды (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

5. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады: тестілеу және әңгімелесу, олар бір күнде өткізіледі.

Егер мәлімдемемен бірге (кемінде 10 жылдық жұмыс тәжірибесі бар, білім беру қызметіне мемлекеттік лицензиясы бар оқу орындарда аттестацияланатын мамандығы бойынша біліктілікті арттыру курстарын тамамдаған) аттестаттауға мәлім етілетін облыстағы жұмыстың түбегейлі тәжірибесі туралы

куәландыратын құжаттарды ұсынса, кәсіпкерлерге тестілеуді өткізусіз аттестациядан өтуге рұқсат етіледі.

2. Аттестаттауды өткізу тәртібі

6. Аттестаттауды өткізуге дайындық мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) Аттестаттауды өткізу үшін Кәсіпкерге қажетті құжаттарды дайындау;
- 2) аттестаттауды өткізу кестелерін әзірлеу және бекіту;
- 3) аттестаттау комиссияларының құрамын айқындау;
- 4) аттестаттауды өткізу мақсаттары мен тәртібі туралы түсіндіру жұмысын ұйымдастыру ;

5) аттестаттауды өткізу басталғанға дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей аттестатталушы тұлғаларды оны өткізу мерзімі туралы жазбаша хабардар ету ;

6) аттестаттауға жататын тұлғалардың құжаттарын қабылдауды және талдауды жүзеге асыру .

7. ЖАО бөлімшелерінің басшысы Комиссия төрағасы, аттестаттауға жататын адамдардың тізімі, тестілеу сұрақтары бекітілетін, аттестаттауды өткізу мерзімі мен аттестаттау комиссиясының құрамын, сондай-ақ оның жұмыс кестесі белгіленетін шешімді қабылдайды .

Комиссия кем дегенде бес адамнан және комиссия хатшысынан құрылады. Комиссияның мүшелері 5 жылдан кем емес тәжірибелі жұмыс өтілімі бар, жоғарғы ветеринариялық білімі бар тұлғалар болып табылады.

ЖАО бөлімшелерінің комиссиясының құрамына ЖАО бөлімшелерінің өкілдері, сонымен қатар ведомствосының аумақтық бөлімшелердің мамандары келісім бойынша кіреді .

8. Кәсіпкер жазбаша хабар алғаннан кейін аттестаттауды өткізу басталғанға дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей Комиссияға келесі құжаттарды ұсынады :

- 1) жеке куәліктің көшірмесі;
- 2) соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттардың көшірмелері (болған жағдайда);
- 3) ғылыми дәрежесінің, атағының бар екендігі туралы куәліктерді көшірмелері (болған жағдайда) .

9. Тестілеу қағаз тасымалдаушыда тест сұрақтарын қолдану арқылы жүргізіледі (1 сұрақ 1 ұпайға теңеледі, барлығы 100 сұрақ).

10. Тест тапсырмаларын орындауға берілетін жалпы уақыт 90 минутты құрайды .

11. Тестілеудің нәтижесін есептеу Комиссиямен дұрыс жауаптар кодтарын

қолдану арқылы өткізіледі, егер оның құрамының кемінде үштен екісі қатысатын болса заңды деп саналады.

12. Сұрақтардың жалпы санынан кемінде 70% дұрыс жауап алған жағдайда аттестатталатын тұлға үшін тестілеу нәтижесі төмен деп саналады.

13. Тестілеудің нәтижелері есептеліп болған соң Кәсіпкерге осы Қағидалардың 1–қосымшасына сәйкес нысан бойынша нәтижесі беріледі.

14. Тестілеуден өту кезінде теріс нәтиже алған Кәсіпкер аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберілмейді (әңгімелесу).

Қайта тестілеу осы Қағидада айқындалған тәртіппен бастапқы тестілеу өткен күннен бастап алты айдан кейін өткізіледі.

15. Әңгімелесу әр Кәсіпкермен жеке ауызша түрде өткізіледі, берілетін сұрақтың саны бес сұрақтан артық емес.

16. Дауыс беру нәтижелері ашық түрде комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы дауыс бере алмайды.

17. Комиссия ұсынылған материалдарды зерделеп, аттестатталушы тұлғамен әңгімелесе отырып, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) қайта әңгімелесуге жатады;
- 3) аттестатталмады.

18. Қайта әңгімелесу осы Қағидада айқындалған тәртіппен бастапқы әңгімелесу өткен күннен бастап бір айдан соң өткізіледі.

Комиссия, қайта әңгімелесу қорытындылары бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) аттестатталған жоқ.

19. Комиссиясының шешімі отырыс хаттамасымен рәсімделеді, оған оның отырысына қатысқан аттестаттау комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

20. Кәсіпкер Комиссиясының шешімімен аттестациядан өткен күні танысады.

21. Комиссияның бекітілген шешімдері аттестаттау парағына енгізіледі, ол аттестация аяқталғаннан кейін осы Қағидалардың 2–қосымшасына сәйкес нысан бойынша Кәсіпкерге табысталады.

Кәсіпкердің аттестаттау парағы, тестілеу нәтижелері, отырыс хаттамасы үш жыл мерзімінде аттестацияны өткізген органда сақталады.

3. Аттестаттау комиссиясының шешімдеріне шағымдану

22. Аттестаттауды өткізу (тестілеу, әңгімелесу) кезінде туындаған даулар сот тәртібінде қаралады.

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік
қызметті жүзеге асыратын жеке және
заңды тұлғаларға аттестаттау жүргізу
қағидаларына 1–қосымша

Тестілеудің нәтижелері

1. Тегі, аты, әкесінің аты: _____
2. Ветеринариялық маман жүзеге асыратын қызметтің түрі:

3. Лицензия №: _____
4. Білімі: _____
5. Туған жылы: _____
6. Жынысы: _____
7. Ұлты: _____

8. Тестілеу өткізу орны: _____

Р/с №	Тесттің атауы	Өту пайызы	Тесттегі сұрақтардың саны	Дұрыс жауаптардың саны	Нәтиже

Комиссия төрағасы _____

Комиссия хатшысы _____

Комиссия мүшелері: _____

Аттестаттау өткізілген күн 20____ жылғы «__» _____

аттестаттау парағымен таныстым _____

(кәсіпкердің қолы және күні)

М.О.

Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік
қызметті жүзеге асыратын жеке және
заңды тұлғаларға аттестаттау жүргізу
қағидаларына 2–қосымша

Аттестациялық парақ

Аттестатталушы адамның тегі, аты, әкесінің аты _____

Туған жылы _____

Білімі туралы мәліметтер _____

Біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (соңғы 3 жылдағы) _____

Жалпы еңбек стажы _____

Мамандығы бойынша жұмыс стажы _____

Біліктілік санатын беру туралы маман сертификатының болуы немесе болмауы _____

Тестілеу нәтижелері _____%

Отырысқа аттестаттау комиссиясының _____ мүшелері қатысты

Дауыстар саны:

_____ «иә» деп дауыс берді

_____ «қарсы» деп дауыс берді

_____ «дауыс беруден қалыс қалғандар»

Комиссия шешімі _____

Комиссия төрағасы _____

Комиссия хатшысы _____

Комиссия мүшелері: _____

Аттестаттау өткізілген күн 20____ жылғы «__» _____

аттестаттау парағымен таныстым _____

(кәсіпкердің қолы және күні)

М.О.